



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02
ББК 74.00

жұмыс істеуге мәжбүр. Осы факторлардың барлығы мұғалімнің кәсіби қалыптасуының процессуалдық динамикасына әсер етеді және кезеңдердің өзгеруін ескере отырып, оны зерттеуге мүмкіндік береді.

Сонымен, қазіргі әлемнің тенденциялары мен сын-тегеуріндеріне жауап беретін білім беруді құру педагогикалық қызметтің тиісті құндылықтары мен мағыналарын игерген мұғалімдерсіз мүмкін емес. Ең маңыздысы – баланың құндылығын, бірегейлігін, позитивтілігін және оның дамуының шексіздігін түсіну, педагогикалық іс-әрекеттің терең мағынасын жеке тұлғаны құру, өзін-өзі тануды қолдау, өзін-өзі анықтау және оқушының өзін-өзі дамытуы ретінде түсіну. Бұл көзқарастар мұғалімнің белсенділігінің сипатына да әсер етеді, оның басым әрекеттері: кеңес беру, қолдау көрсету, ойлау және оқушымен бірге құру, үйрену, көмек көрсету және қабылдау, тарту және ынталандыру. Мұндай педагогикалық іс-әрекеттің жалпы принциптері бар, бірақ әр мұғалім өзінің тәжірибесіне, икемді оқыту жүйесіне сүйене отырып, өзіндік ерекше нәрсені жасайды және дамытады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Құдайқұлов С.М., Құдайқұлов М.Ә. Творчестволық және бәсекелестік қабілеттілік. Алматы, «Школа XXI века», 2006. -82 б.
2. Берикханова А.Е. Педагогикалық мамандыққа кіріспе. Оқу құралы. – Алматы, 2009.-240 б.
3. Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении. Книга для учителя. – М.: Просвещение, 2010г.
4. Шнибекова Э.А., Урунбасарова Э. Педагогическая этика. Алматы. 2008г.
5. Кертәева Г.М. Педагогикалық деонтология ғылым ретінде/педагогика мен білім берудің тұжырымдамалық аппараты. Екатеринбург «SV-96», 2010. 111-129 б.
6. Климов, Е.А. Психология профессионала. Избранные психологические труды. / Е.А.Климов.- М., 2003.
7. Рогов Е. И. Личность учителя: теория и практика. Ростов-на-Дону. 1996.

ӘОЖ 37

ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА ГРАФИКАЛЫҚ ОРГАНАЙЗЕРЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ

Абуталипова Асемгуль Багитбаевна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
03_abutalib_03@mail.ru

Нұрғожина Айтолқын Саматқызы
тарих және құқық негіздері пәні мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Рудный қаласы білім бөлімінің Б.Майлин атындағы
№7 мектеп-гимназиясы» КММ
Рудный қ., Қазақстан
nurgojina94@mail.ru

Аңдатпа

Өзектілігі және мақсаты: қазіргі таңда оқушылардың кітап оқу сауаттылығы, жалпы оқылым дағдысы нашарлап кеткендіктен, білім беру стандарттарын орындау үшін әр педагогке іздену қажеттілігі туындауда, яғни, білім беру үрдісіндегі қиындыққа әр педагог үшін үлкен трансформация қажет. Оқушылардың өзгеруіне жағдай жасай алмаса, әр педагог өзі әрбір оқушы мүмкіндігіне орай өзгеруі қажет. Бұл баяндама мақсаты – тарих, әдебиет сабақтарын жеңіл түрде ұғындыру үшін сабақта қолданылатын графикалық органайзерлердің тиімділігін көрсету.

Түйінді сөздер: қиындық, оқу сауаттылығы, дағды, органайзерлер.

Аннотация

Актуальность и цель: в настоящее время из-за ухудшения читательской грамотности учащихся, навыков чтения в целом, возникает потребность в поиске каждого педагога для выполнения образовательных стандартов, т. е. в трудностях образовательного процесса для каждого педагога необходима большая трансформация. Каждый педагог сам должен меняться в зависимости от возможностей каждого ученика, если он не может создать условия для перемен учащихся. Цель данного доклада-показать эффективность используемых на уроке графических органайзеров для легкого осмысления предмета истории и литературы.

Ключевые слова: трудности, грамотность чтения, навыки, органайзеры.

Abstract

Relevance and purpose: currently, due to the deterioration of students' reading literacy, reading skills in general, there is a need to find each teacher to meet educational standards, i.e. in the difficulties of the educational process, a big transformation is needed for each teacher. Each teacher himself must change depending on the capabilities of each student, if he cannot create conditions for students to change. The purpose of this report is to show the effectiveness of graphic organizers used in the lesson for easy comprehension of the subject of history.

Key words: *difficulties, reading literacy, skills, organizers.*

Әдебиет, тарих және құқық негіздері пәндері мазмұны және жалпы сипаттамасы бойынша өте ұқсас пәндер. Осы пәндердегі сағат санының аздығын ескере отыра, берілетін мазмұндық білім ресурстарының көптігі бұрыннан да белгілі мәселе. Мәселе екендігін ескерсек те, оқушылардың кітап оқуға деген төмен уәжін ескере келе, ұзындап берілетін параграфтардағы мазмұндық мәтіндердің оқуға деген құлшынысы төмен оқушылар үшін үлкен мәселе екендігін айту жөн. бұл тек бір педагогтың ғана емес, біршама елдегі тарихшылардың, туыстас пәндердің мәселесі. Осыдан шығу жолы – мұғалімнің әдістемелік жағынан трансформациялану үрдісі. Яғни әдістемелік жағынан зерттеуге нысаналы алынған проблеманың шығу жолдары.

Әдебиет пен тарих пен құқық сабақтарынан сабақ беру барысында осы проблеманы графикалық органайзерлер арқылы шешуді жөн көрдім.

Графикалық органайзерлерді, жалпы, тарих сабақтарында қолдануда келесі бағыттарға бөліп қарастырамын:

- жүйелі бойынша органайзерлер (уақыт шкаласы, циклдық диаграммалар, уақыт кестелері);
- Салыстыру мен сәйкестендіру диаграммалары (Венн дигарммасы, сәйкестігін табу);
- Иерархиялық органайзерлер (пирамида, ағаштар);
- Концептуалды органайзерлер (менталды карта, семантикалық карта);
- Мәліметтер органайзерлері (диаграммалар, сызбалар).

Әлбетте, бағыттар бойынша қолданылуы ерекшелігі де әр түрлі бөлімдерге қолдануға өте ыңғайлы.

Негізінен, тиімділігін ескере келе, бір-бірлеп тоқтап кетсем деп ойлаймын. Әлбетте, ең алдымен, тарихи карталардан бастаған жөн. Яғни дайын тарихи карталар немесе қолдан салынған карталар, не болмаса оқушыларға салдырту мүмкіндігін қарастыратын түрлері.

Әдеби, тарихи карталарды құру географиялық аналогтар негізінде жүзеге асырылады және олар белгілі бір тарихи оқиғалардың немесе кезеңдердің қысқартылған жалпыланған және бейнелі сипаттамалары болып табылады. Әр карта үшін оңтайлы масштаб таңдалады және объектілердің кеңістіктік орналасуы ескеріледі. Тарихи карталар белгілі бір картаның мақсатын ескере отырып таңдалатын әртүрлі тарихи оқиғалар мен құбылыстардың орналасуы мен байланыстарын көрсетеді. Тарихи карталар географиялық карталардан айтарлықтай айырмашылықтарға ие, ал географиялық карталардың әдеттегі түстері басқа мағыналарға ие болады. Сонымен, жасыл түстің көмегімен ойпаттар ғана емес, сонымен қатар мал шаруашылығы, егіншілік аудандары, сондай-ақ оазистер бейнеленген. Тарихи карталардың тағы бір ерекшелігі – динамикадағы оқиғалар мен процестерді көрсету, ал географиялық карталарда бүкіл «сурет» тұрақты болып қалады. Тарихи карталарда мемлекеттердің құрылу процесі мен өсуін, соның ішінде олардың аумағының өзгеруін, әскерлердің қозғалысын бақылауға болады. Олар арқылы сіз ұлы шайқастардың орындарын зерттей аласыз, ал әскерлердің қалай қозғалғанын және шайқас кезінде олардың қалай әрекет еткенін байқай аласыз.

Әдеби, тарихи карталарды бір-бірімен келесі критерийлер бойынша бөлуге болады: аумақты қамту. Мұнда әлемдік, материктік карталарды, сондай-ақ жекелеген мемлекеттердің немесе аудандардың карталарын бөліп көрсетуге болады; Карта мазмұны. Жалпылама карталар бар, онда белгілі бір уақыт аралығында және іс-қимыл орнында барлық негізгі оқиғалар мен құбылыстар бейнеленеді, ал жеке оқиғалар немесе белгілі бір тарихи процестің жақтары көрсетілетін тақырыптық карталар. Тақырыптық карталардың ерекшелігі – тарихи процеске жатпайтын арнайы белгілердің болмауы, сондай-ақ оларды басқа карталармен бірге қолдану, бұл сізге біртұтас сурет жасауға мүмкіндік береді; Масштаб. Шағын, орта және ауқымды карталар бар.

Әлбетте, әдебиет, тарих сабақтарында карта түрлерінің дайын үлгісін, қолдан салтырған үлгісін қолдану өте тиімді. Мысалы, 7-8-9-сыныптарда 28 оқушыға дейін отырады, білім мен ойлау деңгейлері әр түрлі болғандықтан, әр баланың мүмкіншілігі де әртүрлі. Осы орайда маған аталмыш карта түрлері көмектеседі.

Әдебиет, тарих сабақтарында түрлі оқиғалардың басталу себептерін анықтап, бөлшектеп алуға, сонымен бірге олардың салдарын, болған оқиғаларға адам, жыл, оқиға, жер атауларынан дәлелдерін келтіру, болмаса оның аяқталуын, мәселенің шешілген, шешілмеген күйінде айту мүмкіндігінде оқушылардың ойлау дағдысының талдау, жинақтау, кейде бағалау деңгейіне де тиісті

қолданылатын органайзердің бірі – «Балық қаңқасы». Дәл осы сипатта түрлі тарихи оқиғалардың, түрлі хан, сұлтан, болмаса патшалық, басшылық, хатшылық еткен замандарды талдауда сол уақыттағы мықты, әлсіз тұстарын, мүмкіндіктері мен қолданымаған түрдегі қауіп-қатерлерін талдау бойынша дағды қалыптастыруға «СВОТ» талдау картасы мықты көмектеседі.

Дәл осы сипаттағы талдау дағдыларын, зерттеу, іздену, өз ойларын пайымдауға қосуға машықтайтын картаның бірі – «Уақыт пен кеңістік» картасы. Яғни бір бағанына уақыт, жыл, елеулі даталарды, сандарды, цифрларды жазу арқылы, екінші бағанға кеңістік, яки болған жер, су атаулары, географиялық мекен атаулары мен негізгі сипаттамалары. Әлбетте, бұл кесте үлкен мазмұнды мәтіндердің ішінен керекті және маңызды болып табылатын фактілер мен дәлелдерді еске сақтау үшін өте тиімді карта.

Дәл осындай карталардың бірі – «кім? не істеді? Не үшін? Қашан? Неге?» деген картасы. Әлбетте, бұл картамен жұмыс жасаудың тиімділігі – ұлттық бірыңғай тестілеуге де дайындау мүмкіндігін арттырады. Яғни кестеде бес баған, кім? не істеді? Не үшін? Қашан? Негізгі сұрақтар арқылы тура мінздеуге қатысты дағдылары да қалыптасып, осы бағытта оқылым стратегияларын да қолдану арқылы оқу сауаттылықтарын, жалпы функционалды сауаттылықтарын арттыру мүмкіндігін де арттыруға, бекітуге болатындығын айта кеткім келеді.

«ДФ» картасы. «Дата, факт». Әлбетте, мәтін ішінен датаны және оның түсініктемесін дәлелімен жазып алу ұзын мәтін бойынша оқушының зейінін де оқу мақсатына арналған ресурсқа шоғырландыру үшін де өте тиімді.

«ДО» кестесі. Даталар мен оқиғалар кестесі. Бір бағанға даталар, екіншісіне оқиғалар.

Әлбетте, оқуға деген қызығушылығы төмен оқушыларға да «Кластер», «ассоциация» органайзерлері де тиімді.

«Дейін-кейін» карталары. Яғни басшылық етуге дейінгі болған жағдайы, басшылық өзгергеннен кейінгі сипаты. Қозғалыс пен көтеріліске дейінгісі, қозғалыс пен көтерілістен кейінгісі деген секілді, бұл органайзер де талдау дағдысын, зерттеу дағдысын арттыруға өте қолайлы.

Терминология кез келген пән де үлкен рөл атқарады. Әдебиете, тарих пен құқықтану сабақтарында да баршылық. Осыған байланысты «Глоссарий» кестесін де қолдануға болады. Бір бағанға термин, екінші бағанға мәтін ішінен тауып жазу, болмаса өз ойын жазу. Осыған туыстас тағы бір әдіс – «екі жақты күнделік» кестесі. Бір жағынан тарих мәтінінен түсінік, қағида, ереже, оқиға себебі мен салдары, әйтеуір сабаққа қатысты бір сөз немесе тіркеске қатысты кітаби түсінік. Екінші бағанға оқуы өз ойын жазады. Осыған ұқсас «кілт сөздер мен аргументтер» кестесі. Бір бағанға кілт сөздер, екінші бағанға аргументтер. «Мен білемін, мен білдім» кестесі де осы органайзерлерге қатты ұқсас. Бұрыннан білетінін жаздырту және білгенін жаздырту. Сабақ басында және соңында рефлексия ретінде жаздырту да ыңғайлы.

Тағы бір қызықты және шығармашылыққа байланыстыратын органайзер «Орталық идея» деп аталады. Ортасына жазылады, соның әр жағынан идеялар, ойлар, себептері, салдары тарайды. Топтық жұмыста осы әдіс өте ыңғайлы және тиімді болып табылады.

Осындай органайзерлер менің әдістемелік сандықшамда өте көп. Әйтсе де тәжірибемді жинақтауда менің сабақтарымда оқушылармен жұмыс жасауда тиімді болып табылатын әдістерімді республика деңгейінде атап өткім келді.

Әдебиет, тарих және құқық сабақтарында графикалық органайзерлерді қолданудың тиімділігі мынадай:

- Үлкен мазмұнды мәтіндерді қысқартып қолдану мүмкіндігі басым;
- Мәтіндерді қысқартып қана емес, мәтін ішіндегі негізгі фактілерді, елеулі даталарды, уақыт пен кеңістікті ерекшелеп, бөліп алу мүмкіндігі басым;
- Мәтінді ықшамдап оқу, одан нақты, қажетті мәліметтерін іріктеу, оқылым стратегияларын ұтымды қолдану дағдыларын қалыптастыру;
- Есте сақтау қабілеттерін арттырады;
- Зерттеу, іздену, іріктеу дағдылары қалыптастады;
- Өрбіту, себебін түсіндіру, түйіндеу мен тұжырым жасау дағдылары артады;
- Ойларын кестеге қарап жүйелі, еркін жеткізу коммуникациясы артады;
- Салыстыра сөйлеу, логикалық бірізділікпен сөйлеу дағдылары бекиді;
- Ғылымилығы, ереже және тәртіппен жұмыс жасау мүмкіндігі артады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ергешбаева Ш.Н. «Мүдде мен мақсат – жарқын болашақтың кепілі» // Өрлеу – Шымкент №1 (7) 02.2014ж.
2. Мектеп оқушыларының көрнекілік арқылы сауаттылығын дамыту // «Егемен Қазақстан» газеті. <http://www>.
3. Өмірбаева К. «Оқыту процесіндегі инновациялық ізденістер». 2015 .

4. «Қазақстан мектебі» №21, Алматы қ. 2017. Графикалық органайзердің оқу құзиреттілігі үшін пайдасы зор.
5. Сабақтың тиімділігін арттыратын 370 әдіс (әдістемелік нұсқаулық)

УДК 371.485

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» КАК БАЗОВАЯ ИДЕЯ ФОРМИРОВАНИЯ КАЗАХСТАНСКОГО ПАТРИОТИЗМА В УЧЕБНО-ВОСПИТАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ УЧИТЕЛЕЙ ГУМАНИТАРНОГО ЦИКЛА

Айтенова Людмила Шакировна
учитель истории и обществоведения
luydakaz@rambler.ru
Раймбекова Мадина Кажмухановна
учитель казахского языка и литературы
КГУ «Качарская общеобразовательная школа №1
отдела образования города Рудного»
Управления образования акимата Костанайской области
г. Рудный, Казахстан

Аңдатпа

Орта білім беру ұйымының тәрбие жұмысының басты міндеттерінің бірі – ел болашағының біртұтас іргетасын құрайтын жаңа идеологиялық тұжырымдама – Ұлттық идея мен «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін жүзеге асыру. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы құндылықтарының қоғамдық санада, білім мен тәрбие жүйесінде топтастырылуын қамтамасыз ету қажет. Бұл ойларды мектеп курсының ең маңызды құрамдас бөлігі – қазақ тілі мен Қазақстан тарихы сабақтары жүзеге асырады.

Түйінді сөздер: «Мәңгілік ел», отаншылдық, мәдениет, руханилық, сабақ.

Аннотация

Одной из главных задач воспитательной работы организации среднего образования является реализация Общенациональной идеи и Патриотического Акта «Мәңгілік Ел», новой идеологической концепции, составляющей единый фундамент будущего страны. Необходимо обеспечить закрепление ценностей общенациональной патриотической идеи «Мәңгілік Ел» в общественном сознании, системе образования и воспитания. Эти идеи на практике реализует важнейший компонент школьного курса – уроки казахского языка и истории Казахстана.

Ключевые слова: «Мәңгілік ел», патриотизм, культура, духовность, урок.

Abstract

One of the main tasks of the educational work of the organization of secondary education is the implementation of the National Idea and the Patriotic Act «Mangilik El», a new ideological concept that constitutes a single foundation for the future of the country. It is necessary to ensure the consolidation of the values of the national patriotic idea «Mangilik El» in the public consciousness, the system of education and upbringing. These ideas are put into practice by the most important component of the school course – the lessons of the Kazakh language and the history of Kazakhstan.

Key words: «Mangilik El», patriotism, culture, spirituality, lesson.

«Патриотизм – главный залог сохранения нашей государственности.
Нет лучшей добродетели, чем любовь к своей родине.
Нет большего счастья, чем служить родному народу...
Ведь у нас одна Родина, одно государство, один народ!
Наша сила – в единстве!»
Касым-Жомарт Токаев

Мир меняется... Очень быстро происходят события, которые, как лакмусовая бумажка, показывают проблемы современного мира и общества. Бесконечные цветные революции, глобальные проблемы, рост международной напряженности и региональной конкуренции показывают верность главной идеологической составляющей нашего государства – это воспитание Нового Казахстанского патриотизма с целью сохранения независимости.